

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

2021ж.18.03. №04-1-13/529

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттары,
«Nur Otan» фракциясының мүшелері
А.М. Жамаловқа
Ә.М. Әбсеметоваға**

24.02.2021ж. №ДЗ-69 депутаттық сауалға

Құрметті Аманжан Мәкәрімұлы!

Құрметті Әлия Маратқызы!

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Сіздердің инвестициялық портфельді басқарушылардың зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару қағидаларына қатысты депутаттық сауалдарыңызға төмендегіні хабарлайды.

Агенттік «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде ағымдағы жылғы қаңтар-ақпанда жеке басқарушы компаниялардың зейнетақы активтерін басқаруы үшін қажетті нормативтік-құқықтық база қамтамасыз етілді.

Атап айтқанда, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің тиісті жобалары ашық деректердің интернет порталында жарияланды, барлық мүдделі мемлекеттік органдармен келісілді. Жобалар бойынша «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінен және «Атамекен»

Ұлттық Кәсіпкерлер палатасынан сараптамалық қорытындылар алынды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізілді.

Барлық мүдделі тұлғалармен келісім бойынша іс-шаралар өткізілгеннен кейін және сараптамалық қорытындылар алынғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде Агенттік Басқармасы 2021 жылғы 9-17 ақпан аралығында азаматтардың өз зейнетақы жинақтарының бір бөлігін жеке сенімгерлік басқаруға беру мәселелерін реттейтін 10 қаулыны бекітті.

Осылайша, Сіздердің 2021 жылғы 17 ақпандағы бастапқы сауалдарыңызды алған кезде Агенттік барлық 10 қаулыны қабылдап және тіркеп қойған болатын.

Агенттік көрсетілген іс-шаралар шеңберінде Агенттік Төрағасының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 29¹ қаулысын (бұдан әрі – Қаулы) қабылдады, ол:

1) зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушыларға қойылатын талаптарды;

2) осы зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін;

3) зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Қаулыны әзірлеу кезінде Агенттік басқарушы компанияларға бірмезгілде икемді инвестициялық мүмкіндіктер берген жағдайда зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа алды.

Мүдделі мемлекеттік органдармен және кәсіби қоғамдастықпен талқылау және келісу нәтижелері бойынша талаптар барынша ырықтандырылды. Мәселен, талқылау қорытындысы бойынша қаржы институттарының көпшілігіне қатысты Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша алыпсатарлық санатқа жіктелетін «BB», «BB-» немесе «B+» төмен емес деңгейдегі рейтингтері белгіленді. Мұндай құралдар алып-сатарлық санатқа жіктеледі. Мұндай қаржы құралдарымен белсенді түрде сауда-саттық жүргізу және кірістілігінің жоғары болуы инвестициялық кіріс деңгейінің едәуір жоғары болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Зейнетақы активтері инвестициялануы мүмкін қаржы құралдарының бекітілген тізбесі сатып алынатын қаржы құралдарының кредиттік сапасы мен өтімділігінің өлшемшарттары негізінде әзірленген және мыналарды:

¹ Зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушыға қойылатын талаптарды, сондай-ақ осы зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту және «Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

– Қазақстан Республикасының және шетелдік мемлекеттердің «BB+»² төмен емес тәуелсіз рейтингі бар мемлекеттік бағалы қағаздарын, ҚР ұлттық басқарушы холдингтерінің бағалы қағаздарын;

– ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі «BB-» төмен емес ҚР екінші деңгейдегі банктеріндегі, ұзақ мерзімді рейтингі «А-» төмен емес бейрезидент-банктердегі салымдарды;

– рейтингтік бағасы «BB+» төмен емес халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздарын;

– ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын (рейтингі «B+» төмен емес облигациялар, ҚР квазимемлекеттік сектор эмитенттерінің IPO шеңберінде орналастырылатын акциялары, KASE-нің ресми тізімінің «премиум» санатына енгізілген акциялары);

– ҚР бейрезидент-эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын (рейтингі «BB» төмен емес облигациялар, шетелдік эмитенттердің рейтингтік бағасы «BB» төмен емес акциялары, шетелдік эмитенттердің негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін акциялары);

– Morningstar рейтингтік агенттігінің «3 жұлдыздан» төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF) пайларын, Exchange Traded Notes (ETN), Exchange Traded Commodities (ETC) ноттарын, KASE ресми тізіміне енгізілген аралық инвестициялық пай қорларының пайларын;

– Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша тәуелсіз рейтингі «BBB» төмен емес елдердің шетелдік валютасын;

– тазартылған бағалы металдарды қоса алғанда, қаржы құралдарының ауқымды аясын қамтиды.

Күрделі құрылымдық өнімдер кіретін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инвестициялық декларациясынан айырмашылығы қаржы құралдарының Қаулымен белгіленген тізбесінде құрылымы түсінікті және баға белгілеу бар стандартты қаржы құралдары көзделеді.

Инвестицияларды әртараптандыруды және ықтимал, кредиттік, нарықтық және валюталық тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ету мақсатында зейнетақы активтерін инвестициялаудың мынадай лимиттері белгіленді:

– бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (берген) қаржы құралдарына – зейнетақы активтері құнының 10%-нан кем;

– шетел валютасында номинирленген қаржы құралдарына – зейнетақы активтері құнының 50%-нан кем;

² Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша не Moody's Investors Service және (немесе) Fitch осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы

– бір шығарылымдағы борыштық бағалы қағаздарға – осы шығарылымның орналастырылған бағалы қағаздарының жалпы санының 50%-нан кем;

– ҚР эмитенттерінің акцияларына – эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санының 10%-нан кем.

Жеке басқаруға берілген зейнетақы активтерінің болжамды кірістілігінің деңгейі зейнетақы активтерінің құрамындағы қаржы құралдарының тізбесіне ғана емес, сондай-ақ басқарушы компания таңдаған зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясына және басқарушы компанияның нарықтағы белсенділігіне де байланысты болады.

Төраға

М. Әбілқасымова

Орындаушы: Асанова Р.Н, тел.: +7(727)237 12 09

Roza.Assanova@finreg.kz

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

18.03.2021г. №04-1-13/529



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции «Nur Otan»
Жамалову А.М.
Абсеметовой А.М.**

*На Депутатский запрос
от 24.02.2021г. №ДЗ-69*

Уважаемый Аманжан Макаримович!

Уважаемая Алия Маратовна!

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство) на Ваш депутатский запрос касательно правил доверительного управления пенсионными активами управляющими инвестиционным портфелем сообщает следующее.

Агентством в рамках реализации Закона Республики Казахстан от 2 января 2021 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления экономического роста» в течение января-февраля текущего года обеспечена необходимая нормативно-правовая база для управления пенсионными активами частными управляющими компаниями.

В частности, в соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан «О правовых актах» соответствующие проекты подзаконных нормативных правовых актов были опубликованы на интернет портале открытых данных, согласованы со всеми заинтересованными государственными органами. По

проектам были получены экспертные заключения от объединения юридических лиц «Ассоциация финансистов Казахстана» и Национальной палаты предпринимателей «Атамекен», а также проведена научная антикоррупционная экспертиза.

После проведения мероприятий по согласованию со всеми заинтересованными лицами и получения экспертных заключений, в порядке и сроки, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, Правлением Агентства в период с 9 по 17 февраля 2021 года утверждены 10 постановлений, регламентирующих вопросы передачи гражданами части своих пенсионных накоплений в частное доверительное управление.

Таким образом, к моменту получения Вашего первоначального запроса от 17 февраля 2021 года, Агентством уже были приняты и зарегистрированы все 10 постановлений.

В рамках указанных мероприятий Агентством также принято постановление Правления Агентства от 15 февраля 2021 года № 29³ (далее – Постановление), которое устанавливает:

- 4) требования к управляющим инвестиционным портфелем, которым могут быть переданы в доверительное управление пенсионные активы;
- 5) перечень финансовых инструментов, разрешенных к приобретению за счет таких пенсионных активов;
- б) порядок осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем за счет пенсионных активов.

При разработке Постановления Агентство руководствовалось принципами обеспечения сохранности пенсионных накоплений при одновременном предоставлении управляющим компаниям гибких инвестиционных возможностей.

По результатам обсуждения и согласования с заинтересованными государственными органами и профессиональным сообществом требования были максимально либерализованы. Так, например, по итогам обсуждения в отношении большинства финансовых инструментов установлены рейтинги на уровне не ниже «ВВ», «ВВ-» или «В+» по международной шкале агентства Standard&Poor's, которые классифицируются в спекулятивную категорию. Активная торговля данными финансовыми инструментами и высокая доходность позволяют обеспечить более высокий уровень инвестиционного дохода.

³ Об утверждении Требований к управляющим инвестиционным портфелем, которым могут быть переданы в доверительное управление пенсионные активы, а также перечня финансовых инструментов, разрешенных к приобретению за счет данных пенсионных активов, и внесении изменений и дополнений в постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 3 февраля 2014 года № 10 «Об утверждении Правил осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем»

Утвержденный перечень финансовых инструментов, в которые могут быть инвестированы пенсионные активы, разработан исходя из критериев кредитного качества и ликвидности приобретаемых финансовых инструментов и содержит широкий спектр финансовых инструментов, включая:

- государственные ценные бумаги Республики Казахстан и иностранных государств, имеющих суверенный рейтинг не ниже «ВВ+»⁴, ценные бумаги национальных управляющих холдингов РК;

- вклады в банках второго уровня РК, имеющих долгосрочный кредитный рейтинг не ниже «ВВ-», в банках-нерезидентах, имеющих долгосрочный рейтинг не ниже «А-»;

- долговые ценные бумаги международных финансовых организаций, имеющих рейтинговую оценку не ниже «ВВ+»;

- негосударственные ценные бумаги эмитентов РК (облигации с рейтингом не ниже «В+», акции эмитентов РК квазигосударственного сектора, размещаемые в рамках IPO, акции, включенные в категорию «премиум» официального списка KASE);

- негосударственные ценные бумаги, эмитентов-нерезидентов РК (облигации с рейтингом не ниже «ВВ», акции иностранных эмитентов, имеющих рейтинговую оценку не ниже «ВВ», акции иностранных эмитентов, входящие в состав основных фондовых индексов);

- паи Exchange Traded Funds (ETF), ноты Exchange Traded Notes (ETN), Exchange Traded Commodities (ETC), имеющие рейтинговую оценку не ниже «3 звезды» рейтингового агентства Morningstar, паи интервальных паевых инвестиционных фондов, включенные в официальный список KASE;

- иностранная валюта стран, имеющих суверенный рейтинг не ниже «ВВВ» по международной шкале агентства Standard & Poor's;

- аффинированные драгоценные металлы.

В отличие от инвестиционной декларации Национального Банка Республики Казахстан по единому накопительному пенсионному фонду, включающей в себя сложные структурные продукты, перечень финансовых инструментов, установленный Постановлением, предусматривает стандартные финансовые инструменты с понятной структурой и ценообразованием.

В целях обеспечения диверсификации инвестиций и минимизации возможных кредитных, рыночных и валютных рисков были установлены следующие лимиты инвестирования пенсионных активов:

⁴ по международной шкале агентства Standard & Poor's либо рейтинговую оценку аналогичного уровня Moody's Investors Service и (или) Fitch

- в финансовые инструменты, выпущенные (предоставленные) одним лицом и его аффилированными лицами, - менее 10% от стоимости пенсионных активов;
- в финансовые инструменты, номинированные в иностранной валюте, - менее 50 % от стоимости пенсионных активов;
- в долговые ценные бумаги одного выпуска - менее 50 % от общего количества размещенных ценных бумаг данного выпуска;
- в акции эмитентов РК - менее 10 % от общего количества голосующих акций эмитента.

Уровень предполагаемой доходности пенсионных активов, переданных в частное управление, будет зависеть не только от перечня финансовых инструментов, находящихся в составе пенсионных активов, но и от выбранной управляющей компанией стратегии инвестирования пенсионных активов и активности самой управляющей компании на рынке.

Председатель

М. Абылкасымова

Исполнитель: Асанова Р.Н, тел.: +7(727)237 12 09
Roza.Assanova@finreg.kz